

Құпиялылық және жеке деректерді өңдеу саясаты

Осы құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты "Birinshi Lombard" ЖШС ("Бірінші Ломбард") (бұдан әрі — Әкімші) сайтының дербес деректерін және өзге де деректерін өңдеу және пайдалану тәртібін реттейді. Осы құпиялылық саясатының қолданыстағы редакциясы танысу үшін үнемі қолжетімді және Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналастырылған: <https://www.1lombard.kz>. Әкімшіге дербес және өзге де деректерді сайт арқылы бере отырып, Пайдаланушы көрсетілген деректерді осы Құпиялылық саясатында мазмұндалған шарттарда пайдалануға өзінің келісім беретінін растайды. Егер Пайдаланушы осы Құпиялылық саясатының шарттарымен келіспесе, ол сайтты пайдалануды тоқтатуға міндетті. Осы Құпиялылық саясатының сөзсіз акцептісі - Пайдаланушының Сайтты пайдалана бастауы. Жария құжат болып табылатын саясаттың қолданыстағы редакциясын Әкімші әзірлейді және "Құпиялылық саясаты" гипермәтіндік сілтемесі бойынша өткен кезде Интернет желісінің кез келген пайдаланушысына қолжетімді болады.

1. ТЕРМИНДЕР

- **1.1. Сайт** - Интернет желісінде <https://www.1lombard.kz> мекенжайы бойынша орналасқан сайт. Сайтқа және оның жеке элементтеріне (бағдарламалық қамтамасыз етуді, дизайнды қоса алғанда) барлық айрықша құқықтар Әкімшіге толық көлемде тиесілі болады. Пайдаланушыға айрықша құқықтарды беру осы Құпиялылық саясатының мәні болып табылмайды.
- **1.2. Пайдаланушы** — Сайттағы кері байланыс нысанын пайдаланатын Сайт пайдаланушысы, жеке немесе заңды тұлға.
- **1.3. Заңнама** — Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы.
- **1.4. Дербес деректер**— Пайдаланушы кері байланыс нысанын толтыру кезінде немесе сайт функционалын пайдалану процесінде өзі ұсынатын Пайдаланушының дербес деректері.
- **1.5. Деректер** — Пайдаланушы туралы өзге де деректер (Дербес деректер ұғымына кірмейтін).
- **1.6. Кері байланыс нысаны** — Пайдаланушы туралы деректерді сайт әкімшісіне беру мақсатында Пайдаланушы дербес ақпаратты енгізетін арнайы жолдар.
- **1.8. Қызмет(-тер)** — Келісім негізінде Әкімші ұсынатын қызметтер.

2. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ

- **2.1.** Әкімші қызметтерді көрсету және пайдаланушымен өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті дербес деректерді ғана жинайды және сақтайды.
- **2.2.** Дербес деректер мынадай мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін:
 - **2.2.1.** Пайдаланушыға қызметтер көрсету;
 - **2.2.2.** Пайдаланушыны сәйкестендіру;
 - **2.2.3.** Пайдаланушымен өзара әрекеттесу;
 - **2.2.4.** жарнамалық материалдарды, ақпаратты және сұраныстарды Пайдаланушыға жіберу;
 - **2.2.5.** статистикалық және өзге де зерттеулер жүргізу;
- **2.3.** Әкімші келесі деректерді өңдейді:
 - **2.3.1.** тегі, аты және әкесінің аты;
 - **2.3.2.** телефон нөмірі (оның ішінде мобильді);
 - **2.3.3.** құпия сөз (#1 Қосымшаны қараңыз).

- **2.4.** Пайдаланушыға сайтта үшінші тұлғалардың дербес деректерін көрсетуге тыйым салынады (осындай әрекеттерді жүзеге асыруға үшінші тұлғалардың Құжаттамалық растамасы бола отырып, осы тұлғалардың мүдделерін білдіру шарттарын қоспағанда).

3. ДЕРБЕС ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ ТӘРТІБІ

- **3.1.** Әкімші дербес деректерді Қазақстан Республикасының "Дербес деректер туралы" Заңына және әкімшінің ішкі құжаттарына сәйкес пайдалануға міндеттенеді.
- **3.2.** Көрсетілген деректер жалпыға қолжетімді болған жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушының дербес деректеріне және өзге де деректеріне қатысты құпиялылық сақталады.
- **3.3.** Әкімшінің дербес деректердің архивтік көшірмесін сақтауға құқығы бар.
- **3.3.1.** Әкімшінің дербес деректерді және деректерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс серверлерде сақтауға құқығы бар.
- **3.4.** Әкімшінің Пайдаланушының келісімінсіз дербес деректерді және пайдаланушының деректерін келесі тұлғаларға беруге құқығы бар:
- **3.4.1.** мемлекеттік органдарға, оның ішінде анықтау және тергеу органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың дәлелді сұрау салуы бойынша;
- **3.4.2.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген өзге де жағдайларда.
- **3.5.** Әкімшінің дербес деректерді және деректерді осы саясаттың 3.4-тармағында көрсетілмеген үшінші тұлғаларға келесі жағдайларда беруге құқығы бар:
- **3.5.1.** Пайдаланушы мұндай әрекеттерге өз келісімін білдірді;
- **3.5.2.** Ақпаратты беру Пайдаланушының Сайтты пайдалануы немесе Пайдаланушыға қызмет көрсету аясында қажет;
- **3.6.** Әкімші Дербес деректер мен деректерді автоматтандырылған өңдеуді жүзеге асырады.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

- **4.1.** Әкімші заңнамаға сәйкес дербес және өзге де деректерді тиісінше қорғауды жүзеге асырады және дербес деректерді қорғау үшін қажетті және жеткілікті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.
- **4.2.** Қолданылатын қорғау шаралары соның ішінде дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, оқшаулаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың жасауы мүмкін өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғауға мүмкіндік береді.

5. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

- **5.1.** Осы Құпиялылық саясатына және Құпиялылық саясатын қолдануға байланысты туындайтын Пайдаланушы мен Әкімші арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығы қолданылуға жатады.
- **5.2.** Егер қандай да бір себептер бойынша Құпиялылық саясатының бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз немесе заңды күші жоқ деп танылса, бұл құпиялылық саясатының қалған ережелерінің жарамдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.
- **5.3.** Әкімші кез келген сәтте құпиялылық саясатын (толық немесе ішінара) пайдаланушының алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Барлық өзгерістер сайтта орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.
- **5.4.** Пайдаланушы осы редакциямен танысу арқылы құпиялылық саясатындағы өзгерістерді өз бетінше бақылауға міндеттенеді.

- **5.5.** Осы Құпиялылық саясатына қатысты барлық ұсыныстар немесе сұрақтар электрондық пошта арқылы хабарлануы керек: info@1lombard.kz немесе телефон арқылы: +7 708 708 708 4.

#1 Қосымшаны

«Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС

Атқарушы директоры

И.А. Калютаға

ҚҰПИЯ СӨЗДІ БЕЛГІЛЕУГЕ / ӨЗГЕРТУГЕ ӨТІНІШ

Осы арқылы мен, «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС клиенті бола отырып, микрокредит беру туралы шарттың/кепіл билеттерінің (Қосылу туралы шарттың) талаптарына сәйкес қолданыстағы және болашақта жасалатын, менің микрокредитім бойынша өтеу күні, берешектің қалдығы, күтудің кепілді кезеңі және т.б. сияқты мәліметтерді қашықтықтан алу үшін. «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС маған «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-де бір рет және барлық қызмет көрсету уақытында «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-ға жүгінген кезде клиенттермен жұмыс жөніндегі маманға хабарлайтын Құпия сөзін орнатуды сұраймын.

Бұдан әрі «Birinshi Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС-не шағымдарым болмайды.